№7 (427)
31 шілде
2018 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

# ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУШІ ҰСТА



***Биыл қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық домбыра күні туралы жарлыққа қол қойған болатын. Домбыра күнінің белгіленуі жай-дан-жай емес... Бұл рухани жаңғыру бағытындағы ең сүбелі тірліктің бірі болмақ.***

**Домбыра - қазақ елінің көнекөз шежіресі. Ұлттық кодымыздың айнымас бөлігі. Қазанғап, Дина, Сүгір, Дәулеткерей, Құрманғазы, Тәттімбет сынды бабаларымыздан мирас болып қалған күй өнерін де жандандыруда да бұл күннің алар орны ерекше болмақ.**

**Осындай шаралар аясында ұлттық аспабымызды ұлықтау мақсатында тың бастамалар бой көтеріп, көптен бері қолдау таппай жүрген игі дүниелер қайта жаңғыруы ғажап емес. Соның бірі - Қазақстандағы ең алғашқы домбыра ескерткіші. Биіктігі 6,3 метр болатын нысанның авторы, ақтөбелік сәулетші Қуатбек Келмағанбетұлы Ещанов газетімізде дәстүрлі түрде жарық көретін «Ай адамы» айдарының бүгінгі тұлғасы.**

Қуатбек Келмағанбетұлы көпшілікке танымал ескерткіш авторы. «Кез-келген ұлтты танытатын оның салт–дәстүрі, әдет–ғұрпы» деген ұстаныммен жүретін ұста Қуатбек Келмағанбетұлы былай дейді:«Бала кезімнен өзге балаларға ұқсап доп қумай, қолыма балға мен төс ұстап тырсылдатып отыратынымды әкем көріп, «Осы балам конструктор болады» - деп, үйге келгендердің бәріне мені мақтап жүретін».

*(Жалғасы 8-9 беттерде)*

## Бүгінгі санда



5-7

**АСТАНА** САНАМЫЗҒА СЕРПІЛІС СЫЙЛАДЫ



10-11

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ **ВО БЛАГО ОТЕЧЕСТВА**



14

ЖАРҚЫЛДАП ӨТКЕН **ЖАСЫН ҒҰМЫР**

Айдың айшықты жаңалықтары   Главные новости месяца   Top news of the month

## ЖҰБАНОВ ТҮЛЕГІ – 2018

Жұбанов университетін биылғы оқу жылында күндізгі және сырттай бөлім, «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы бойынша 2617 жас маман бітіріп шықты. Олардың 318-і «Үздік диплом» иегерлері.

Озат бітірушілерге дипломды университет ректоры Бауыржан Ердембеков табыстап, бітірушілердің жарқын болашағына ақ жол тіледі.Салтанатты шараға университеттің профессор-оқытушылар құрамы және олардың ата-аналары мен жақындары қатысты.

Бітіруші түлектер мен ата-аналар ұстаздар қауымы  мен университет басшылығына алғыстарын сахна төрінен, әлеуметтік желілер арқылы жеткізді.

Студенттік жылдарда белсенділік көрсетіп, қоғамдық шаралар ортасында болған бітірушілерге және олардың ата-аналарына Алғыс хаттар табысталды.

## ВЫПУСКНИК ЖУБАНОВА – 2018

В этом году университет Жубанова по дневному, заочному и по социальному проекту «Серпін-2050» окончили 2617 молодых специалистов. 318 из них стали обладателями дипломов с отличием.



Выпускникам-отличникам дипломы вручил ректор университета Жубанова Бауыржан Ердембеков. В торжественном мероприятии приняли участие профессорско-преподавательский состав университета и родители выпускников.

Выпускники выражали слова благодарности своим преподавателям и руководству университета со сцены и в социальных сетях.

Родителям выпускников, принимавших активное участие в жизни университета в студенческие годы, были вручены Благодарственные письма.

## GRADUATE OF ZHUBANOV UNIVERSITY 2018

This year, the University of Zhubanov graduated 2617 young specialists for a day, correspondence and social project "Serpin-2050". 318 of them became holders of diplomas with honors.

Graduates-honors students were awarded diplomas by the rector of Zhubanov University Bauyrzhan Yerdembekov. The solemn event was attended by the faculty and university graduates' parents.

Graduates expressed their gratitude to their teachers and university management from the stage and in social networks.

Grateful letters were handed to the parents of the graduates who showed active participation in the life of the university during their student years.




## 112 БІТІРУШІГЕ «МАГИСТР» ДӘРЕЖЕСІ БЕРІЛДІ

Жұбанов университетінде педагогика, психология, филология, экономика, физика, информатика, биология және т.б. мамандық бойынша 112 магистрантқа салтанатты түрде диплом табыс етілді.

Диплом табыстауға арналған салтанатты жиынды дәстүрлі түрде құттықтау сөзбен университет ректоры Бауыржан Ердембеков бастап, бітірушілерге ақ жол тілей отырып, оларға оқыған мамандықтар бойынша магистратураны аяқтағандары жөнінде дипломдарды тапсырды.

Түлектерге диплом табыстау рәсімін жалғастырған Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы Гүлбану Такишева өз құттықтау сөзінде биылғы жылы тағы магистратурада 13 мамандық ашылғанын атап өтті.

## СТЕПЕНЬ «МАГИСТРА» ПОЛУЧИЛИ 12 ВЫПУСКНИКОВ

В торжественной обстановке состоялось вручение дипломов 112 магистрантам университета Жубановапо 15 специальностям. Это –  педагогика, психология, филология, экономика, физика, информатика, биология и др.

Церемонию вручения с поздравительной речью открыл ректор университета Бауыржан Ердембеков. Пожелав удачи, он вручил студентам дипломы об окончании магистратуры.

Мероприятие продолжилось поздравлениями и напутственными словами директора института непрерывного образования Гульбану Такишевой. Она отметила, что в текущем учебном году открылось еще 13 специальностей магистратуры.

## 112 GRADUATES RECEIVED A MASTER'S DEGREE

In the solemn atmosphere was held the ceremony of diplomas presentation to 112 masters in 15 specialties, such as pedagogy, psychology, philology, economics, physics, computer science, biology, etc.

The ceremony of presentation was opened by the rector of the university Bauyrzhan Yerdembekov. He wished good luck and presented the students the diplomas.

The event was continued with congratulations and farewell words from the director of the Institute of Continuing Education Gulbanu Takisheva. She noted that in the current academic year, another 13 master's degrees were opened.



## УНИВЕРСИТЕТТЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНА АШЫЛАДЫ

Бұл жөнінде Жұбанов университетінің ректоры Бауыржан Ердембеков тарих факультетінің дала практикасында жүрген студенттерімен кездесу барысында мәлімдеді. Студенттер Ақтөбе облысының Мәртөк ауданына қарасты Родниковка ауылының жанындағы археологиялық қорғандарға қазба жұмыстарына қатысқан болатын. Бауыржан Аманкелдіұлы жұмыс барысымен танысып,  осындай жұмыстарды нәтижелі жүргізу үшін арнайыландырылған зертханалар ашудың маңыздылығын атап кетті.

## В УНИВЕРСИТЕТЕ ОТКРОЕТСЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКАЯ ЛАБОРАТОРИЯ

Об этом сообщил ректор университета Жубанова Бауыржан Ердембеков в ходе встречи со студентами исторического факультета, которые проходили полевую практику вблизи села Родниковка Мартукского района Актюбинской области. Ознакомившись с ходом работ, ректор Бауыржан Ердембеков отметил важность открытия специализированной лаборатории на базе университета для плодотворной работы студентов-историков в будущем.

## ARCHAEOLOGICAL LABORATORY WILL BE OPENED IN THE UNIVERSITY

The rector of Zhubanov University BauyrzhanYerdembekov reported about laboratory opening during a meeting with students of the Faculty of History who took field training near the village of Rodnikovka, Martuk District, Aktobe Oblast. The rector Bauyrzhan Yerdembekov noted the importance of opening a specialized laboratory on the basis of the University for successful Work of students-historians in the future.

## СТУДЕНТТЕРГЕ КОРЕЯНЫҢ ТОҢМЁН УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БІЛІМДЕРІН ЖАЛҒАСТЫРУҒА МҮМКІНШІЛІК ТУДЫ

Бұл жөнінде Жұбанов университетінің ректоры Бауыржан Ердембеков пен Пуссан қаласындағы Тоңмён университетінің ректоры Жанг Хонг Саб мырза арасында өткен кездесуде мәлім болды.

Тоңмён университетінің ректоры Жанг Хонг Саб мырза Бауыржан Аманкелдіұлына шексіз алғысын білдіре отырып, Қазақстандағы корейлердің тұрмыс-тіршілігін теледидардан үнемі қарап, хабардар болып отыратынын да жеткізді.

Кездесу барысында екі ректор машина жасау мамандарын дайындау, техникалық мамандықтар, ақпараттық жүйелер саласы мамандықтары бойынша қосдипломды білім төңірегінде сөз қозғады.

Кездесу корейлік елшілер мен декандар арасындағы келіссөзбен жалғасты.

## У СТУДЕНТОВ ПОЯВИЛАСЬ ВОЗМОЖНОСТЬ ПРОДОЛЖИТЬ ОБУЧЕНИЕ В УНИВЕРСИТЕТЕ ТОНМЁН КОРЕЙСКОЙ РЕСПУБЛИКИ

Об этом было сообщено на встрече ректора университета Жубанова Бауыржана Ердембекова с ректором университета Тонмён города Пуссан Жанг Хонгом Сабом.



Ректор университета Тонмён господин Жанг Хонг Саб, выразив благодарность ректору нашего университета, отметил, что он часто наблюдает по телевидению за жизнью корейцев в Казахстане.

В ходе встречи ректоры обсуждали вопросы о подготовке специалистов по машиностроению и информационным системам в области двудипломного образования.

Встреча продолжилась переговорами между корейскими послами и деканами университета.

## STUDENTS HAVE THE POSSIBILITY OF CONTINUING EDUCATION AT THE UNIVERSITY OF TONGMYON OF THE KOREA REPUBLIC

This was reported at the meeting of the rector of Zhubanov University Bauyrzhan Yerdembekov with the rector of the Tongmyon University of Poussan Zhang Hong Sagom.

Rector of Tongmyon University, Mr. Zhang Hong Sab, thanking the rector of our university noted that he often watches the life of Koreans in Kazakhstan on television.

During the meeting the rectors discussed the issues of training specialists in machine building and information systems in the field of two-diploma education.

The meeting continued with talks between Korean ambassadors and deans of the university.



## СТУДЕНТТЕР ТҮРКИЯДАН БІЛІМДЕРІН ШЫҢДАП КЕЛДІ

Жұбанов университетінің ректоры, профессор Бауыржан Ердембеков халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Түркия Республикасының Сакария университетінде семестрлік білім алып келген 14 студентпен және «Мәулана» бағдарламасы бойынша Түркия Республикасына оқуға жіберілген студенттермен кездесті.

Студенттер өз кезегінде Түркия сапарынан алған әсерлерімен бөлісіп, ондағы оқу процесінің ерекшеліктерін әңгімеледі. Университет басшылығына деген ризашылығын түрік тілінде жеткізгендері де болды.

## СТУДЕНТЫ ОБОГАТИЛИ ЗНАНИЯ В ТУРЦИИ

Ректор университета Жубанова Бауыржан Ердембеков встретился с 14 студентами, которые прошли семестровое обучение в Турецком университете Сакария и со студентами, которые собираются на обучение по обменной программе «Мевлана» Турецкой Республики.

Также в мероприятии приняли участие начальник центра международного сотрудничества университета Гульжан Шокым, преподаватели турецкого языка Рокхман Уксуз и Гокхан Гюль.

Студенты, поделившись своими впечатлениями, более подробно рассказали об особенностях турецкого учебного процесса. Некоторые студенты выразили свои слова благодарности на турецком языке. Они также пожелали счастливого пути своим друзьям, которые собираются на учебу в Турецкую Республику по программе обмена «Мевлана».

## STUDENTS ENRICHED KNOWLEDGE IN TURKEY

Rector of Zhubanov University Bauyrzhan Yerdembekov met with 14 students who passed semester studies at the Turkish University of Sakarya and with students who are going to study under the Mevlana exchange program of the Republic of Turkey.

The event was also attended by the head of the Center for International Cooperation of the University Gulzhan Shokym, teachers of the Turkish language Rohman Uksuz and Gokhan Gul.

The students, sharing their impressions, described in more detail the peculiarities of the Turkish educational process. Some students expressed their gratitude in the Turkish language. They also wished a happy journey to their friends who are going to study in the Republic of Turkey on the “Mevlana” exchange

## УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІ БИЗНЕС ЖОСПАРЛАРЫМЕН БӨЛІСТІ

Жұбанов университетінің студенттері Астана қаласында өткен республикалық «Startup Bolashak — Менің арманым» стартап-жобалар байқауының ширек финалына қатысты. Үш күнге созылған байқау кезеңінде еліміздің барлық өңірінен 350-ден астам жоба бақ сынады.

Университет атынан қатысқан 12 жобаның 4-еуі ақтық кезеңге жолдама алды. Байқаудың ақтық кезеңі жазғы лагерь форматында 20-25 тамыз аралығында Шымкент қаласында өтеді.

## СТУДЕНТЫ УНИВЕРСИТЕТА ПОДЕЛИЛИСЬ БИЗНЕС-ПРОЕКТАМИ

Свои бизнес-проекты стартаперы университета Жубанова представили на республиканском этапе четвертьфинала конкурса «Startup Bolashak — Менің арманым», который прошел в городе Астана. В мероприятии приняли участие более 350-ти проектов со всего Казахстана.

Из 12-ти проектов, представленных университетом Жубанова, путевку в финал получили 4 проекта. Финал конкурса будет проходить в формате летнего лагеря 20-25 августа в городе Шымкент.




## UNIVERSITY STUDENTS SHARED BUSINESS PROJECTS

The startups of Zhubanov University presented their business projects at the national stage of the quarterfinal of the competition "Startup Bolashak – Menyn Armanym", which was held in Astana. More than 350 projects from all over Kazakhstan took part in the event.

Of the 12 projects submitted by Zhubanov University, 4 projects have received a ticket to the final. The final of the contest will be held in the format of a summer camp on August 20-25 in Shymkent.

Айдың айшықты жаңалықтары · Главные новости месяца · Top news of the month

## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГКЕ ЕНУІ ҚОЛҒА АЛЫНУДА

Аталмыш мәселе университеттің Халықаралық ынтымақтастық орталығының Ұлыбританияның QS Quacquarelli Symonds Ltd консалтингтік компаниясының менеджері Лариса Осиповамен бірлікте өткізілген скайп-сессияда көтерілді.

Лариса Осипова университеттің әлемдік мойындалуы және шетелдік студенттерді оқуға қабылдау мақсатындағы стратегиялық жобаларын қайта қарастыруға мүмкіндік беретін түрлі консалтинг-пакеттер туралы сөз етті.

Рейтинг университтерді зерттеу жұмыстары, оқыту, жұмыс берушілердің пікірі мен мансаптық әлеуеті, шетелдік студенттер мен оқытушылардың саны, академиялық ортада университеттің беделі индикаторлары бойынша бағаланады.



## МИРОВОЙ РЕЙТИНГ QS: ШАГИ НАВСТРЕЧУ

В ходе скайп-сессии, организованной Центром международного сотрудничества университета Жубанова совместно с менеджером по развитию консалтинговой компании QS Quacquarelli Symonds Ltd Ларисой Осиповой, Лондон, Великобритания обсуждался вопрос участия АРГУ в рейтинге.

Лариса Осипова рассказала о различных консалтинг-пакетах которые дают возможность университету пересматривать свои стратегии с целью повышения международного признания и усиления практики набора иностранных студентов.

Рейтинг оценивает университеты по следующим показателям: активность и качество научно-исследовательской деятельности, мнение работодателей и карьерный потенциал, преподавание и интернационализация.

## DISCUSSION OF ZHUBANOV UNIVERSITY'S ENTRY INTO THE WORLD RANKING

The discussion was held during the Skype session organized by the Center for International Cooperation of the University of Zhubanov together with the development manager of the consulting company QS Quacquarelli Symonds Ltd Larisa Osipova, London, UK.

Larisa Osipova told about various consulting packages that enable the university to review its strategies with the aim of increasing international recognition and strengthening the practice of recruiting foreign students.

The rating evaluates the universities in terms of the following indicators: the activity and quality of research, the opinion of employers and career potential, teaching and internationalization.

## УНИВЕРСИТЕТ МАГИСТРАНТЫ ФРАНЦИЯҒА БАРАТЫН БОЛДЫ

Жұбанов университетінің «Физика» мамандығының 1-курс магистранты Айдана Нұрмұханова «Абай-Верн» бағдарламасының арнайы шәкіртақы иегері атанды.

Ол Тур қаласының Франсуа Рабле университетінде «Фундаментальды физика» мамандығы бойынша білім алатын болды. Сертификаттарды табыстау салтанаты 9 шілде күні Францияның Қазақстандағы елшісінің, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің жауапты хатшысының және ҚР Ғылым академиясының президентінің қатысуымен Сорбонна-Қазақстан институтында өтті.

## МАГИСТРАНТЫ ЖУБАНОВА «ШТУРМУЮТ» ФРАНЦИЮ

Магистрант 1-курса физико-математического факультета по специальности «Физика» Айдана Нурмуханова стала обладателем стипендии программы «Абай-Верн». Она пройдет обучение в университете Франсуа Рабле в г. Тур по специальности «Фундаментальная физика».

Церемония вручения сертификатов состоялась 9 июля в Институте Сорбонна-Казахстан вприсутствии Посла Франции в Казахстане, Ответственного секретаря Министерства науки и образования Республики Казахстан и президента Академии наук РК.

## GRADUATE STUDENTS ARE “ASSAULTING” FRANCE

The 1st year graduate student of the Physics and Mathematics faculty, Aidana Nurmukhanova, who is specializing in Physics, became the holder of the “Abay-Vern” scholarship. She will be educated at the University of Francois Rabelais in Tur city, on the specialty "Fundamental Physics".

The ceremony of certificate awarding was held on July 9 at the Sorbonne-Kazakhstan Institute in the presence of the Ambassador of France in Kazakhstan, the Executive Secretary of the Ministry of Science and Education of the Republic of Kazakhstan and the President of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.




## УНИВЕРСИТЕТ БАЗАСЫНДА «ХАН ҚОРЫҚ» ЖАСТАР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Жыл сайын өткізілетін «Хан Қорық» жастар фестивалі биыл Жұбанов университетінің базасында өтті.

Бұл шараны Астана қаласының 20 жылдығына орай Жұбанов университеті және Ақтөбе облысының әкімдігінің қолдауымен «Qazaq Geography» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Фестиваль барысында университет қабырғасында студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы, креативтік жобалар байқауы өтті. Бұл жылы фестивалге қазақстандық және ресейлік, өзбекстандық жоғары оқу орындарының студенттері және Qazaq Geography жас мүшелері атынан барлығы 120 жоба қатысты.

Фестиваль барысында оның қатысушылары Ақтөбе облысының тарихи және көрікті жерлерін аралады.

## НА БАЗЕ УНИВЕРСИТЕТА ЖУБАНОВА ПРОШЕЛ МОЛОДЕЖНЫЙ ФЕСТИВАЛЬ «ХАН ҚОРЫҚ»

Ежегодный молодежный фестиваль «Хан Қорық» в этом году прошел на базе университета Жубанова.

Мероприятие, организатором которого выступило республиканское общественное объединение Qazaq Geography при поддержке акимата области и университета Жубанова, было приурочено 20-летию Астаны.

В ходе фестиваля в университете Жубанова прошла научно-практическая конференция студентов, конкурс креативных проектов. В текущем году в фестивале приняли участие 120 проектов Казахстанских вузов, университетов России и Узбекистана, а также членов Qazaq Geography.

## IN THE UNIVERSITY OF ZHUBANOV WAS HELD THE YOUTH FESTIVAL "KHAN KORY"

The annual youth festival "Khan Kory" was held this year at the University of Zhubanov.

The event, organized by the republican public association “Qazaq Geography” with the support of the regional akimat and Zhubanov University, was timed to coincide with the 20th anniversary of Astana. During the festival in Zhubanov University was a scientific-practical conference and creative projectscontest. 120 projects of Kazakhstan universities, universities of Russia and Uzbekistan, as well as members of “Qazaq Geography” took part in the festival this year.

***Биыл елордамыз Арқа төсіне көшіріліп, аяулы Астанамыз бой түзегелі жиырма жыл толып отыр. Астана бұл жылдары саяси-басқару орталығы ғана емес, елдің мәдени-рухани ордасына айналып үлгерді. Қала халқы миллионнан асты. Алдына үлкен мақсаттар қойып, еліміздің түкпір-түкпірінен елордаға келіп қоныс тепкен азаматтар бұл қалада жаңаша менталитет, жаңа орта қалыптастырып, өзгеше әлеуметтік топ құрады. Осы орайда біз белгілі ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Амангелді Айталы ағамызды әңгімеге тарттық.***



АСТАНА 20
АСТАНА – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛОРДАСЫ!

**Амангелді АЙТАЛЫ, философия ғылымдарының докторы, профессор:**

# АСТАНА САНАМЫЗҒА СЕРПІЛІС СЫЙЛАДЫ

**– Аға, астананы ауыстырғанда алдымызға үлкен мақсат-мүдде қойылғаны анық. Осы шешімді талқыға салған үлкен жиындардың бірінде белгілі демограф-ғалым Мақаш Тәтімов те ел ордасын Сарыарқа төсіне көшіру арқылы қазақтарды солтүстікке қарай тартуға, солтүстікті қазақтандыруға болатынын айтқан екен. Сол кездер сіздің есіңізде ме? Сіз ел астанасын көшіруден қандай үміт күттіңіз?**

– Астананы көшірерде Мақаш Тәтімовтің не айтқанын өзім анық естіген жоқпын. Сондықтан ол жөнінде айта алмаймын. Бірақ бұл бастаманың астарында еліміздің солтүстік облыстарын қазақтандыру идеясы жатқаны айтпаса да түсінікті еді. Оны Ресейдің саясаткерлері жақсы аңғарды. «Қазақ ел болды, тәуелсіздік алды, қазақтар өздерінің астанасын таңдады. Астананы солтүстік облыстарға қарай көшірді. Енді қазақтың көші солтүстік облыстарға қарай бет алады» деп, оны қабылдай алмай, Нұрсұлтан Әбішұлын сынап жазды да. Бірақ Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз Ресейден қашық болайық деп жатқанымыз жоқ. Керісінше, солтүстік облыстарға жылжып, оған жақындайық деген ниетіміз бар» деп жауап берді. Ол кезде Ақмола қаласында да, Ақмола облысында да әрбір жеті адамның біреуі ғана қазақ еді. Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының бәрінде де жағдай осы шамада болатын. Ал Астананың көшуімен осы аймақтарға қазақтардың қоныстануы басталды деп айтуға болады. Оны жергілікті тұрғындар да байқады. Көбі наразы болғаны да рас. Өйткені олар қалыптасып қалған жағдайдың өзгергенін қаламады. Мұның бәрі қаладағы этнодемографиялық жағдайдың, қала тұрғындарының ұлттық құрамы өзгеруіне алып келетінін түсінді. Рас, бастапқыда оны асығыс қабылданған шешім деп есептегендер болды. Сондықтан кейбіреулер «қайтер екен» деп, сырт көзбен қарап, әліптің артын бақты. Сәл қиыс басып, қателік жіберсек, сынауға, табалауға дайын болды. Ал қазір, байқасаңыз, бәрі де өз сәтімен жүріп, Астана халықаралық деңгейдегі абыройлы іс-шараларды өткізген беделді қалаға айналып отыр. Баяғы елорданы көшіруге наразы болғандар да қазір бұл қаланың жетістіктеріне қуанып, XXI ғасырға лайық гүлдеп, өркендеген, қазақтанған жаңа Астанамыздағы ортаға бейімделіп келе жатыр.

**– Астананың бүгінгі ең үлкен жетістігі не деп ойлайсыз?**

– Астананың Арқаға көшуінің астарында үлкен психологиялық, рухани өзгерістер жатыр.

«Біз астанамызды өзіміз таңдадық» деген мақтаныш сезімі біздің еңсемізді көтерді. Бұрын қала Целиноград аталып тұрғанда, ол Мәскеудің берген атауы еді ғой. Соны Ақмола деп өзгерткенде «тарихи әділдік орнады», «қалаға өз атауын қайтарып бердік» деп қуанған едік. Соның өзін жұбаныш етіп едік. Ал астананың Ақмолаға көшуі мүлде басқа құбылыс болды. Бұл құбылыс – өзерістің бастауы. Ол процесс әлі санамызда жүріп жатыр. Сананың өзгеруі, тәуелсіз сананың қалыптасуы деген қаланың кірпіші қаланғандай тез түзіліп, тез қалыптаса салмайды. Оған біраз уақыт керек.

*(Жалғасы 6-7 беттерде)*

***Ең бастысы – осы. Біз Астананың сәулетін, жаңа қаланың бүгінгі көркін мақтаныш етіп айтамыз. Қала ел бюджетіне үлес қосып, экономиканың өсуіне де айтулы ықпал етіп келе жатқанын білеміз. Ол дұрыс та. Бірақ, шын мәнінде, Астананы көшірудегі ең үлкен жетістік, ең үлкен ұтыс – ол санамыздағы өзгеріс. Көпұлтты Қазақстан халқының, әсіресе, қазақ халқының санасындағы мақтаныш, санадағы серпіліс, сананы отарсыздандыруға тигізген ықпалы.***

(Соңы. Басы 5-бетте)

Санадағы өзгеріс қашанда материалдық өзгерістерден кеш жүреді.

**– Бодандықтан босаған елдердің астанасын ауыстыру арқылы «санаға төңкеріс жасауға» тырысқан мемлекеттер әлемдік тәжірибеде бар ма?**

– Жалпы, XX ғасырдағы 60-жылдар – Африка, Азия, Латын Америкасы елдерінің отарлаудан арылған жылдары. Сол кезде біздің оқулықтарымызда, елдегі кейбір мекемелерде, әсіресе, партия ғимараттарында «отаршылдыққа жол жоқ» деп қара нәсілді адамның екі қолымен өзінің отарлық бұғауын бұзып тұрған суреті тұрушы



# АСТАНА САНАМЫЗҒА СЕРПІЛІС СЫЙЛАДЫ

еді. Ол көп елдер тәуелсіздік алған жылдар болатын. Ал бодандықтан босаған елдердің бәрі дерлік ең алдымен өз елдерінің астаналарының атын өзгертті. Екіншіден, сол астана және басқа да қалаларындағы көшелердің атын ауыстырды. Олардың көбі мұндай істі уақыт өткізбей, бір-ақ күнде жасады. Оны тіпті сондағы тұрғындар да, Еуропа халқы да түсінбей қалды. Отаршылдық заманындағы барлық ескерткіштер жойылды. Өйткені олар, негізінен, отарлаушылардың ескерткіштері еді. Бізде Колпоковскийдің ескерткіші әлі тұр ғой. Ол біздің намысымыздың төмендігінен, қол ұшымызды тигізе алмай әлі күнге сақтап отырмыз. Ал олар отарлау кезінде қызмет еткендердің бәрінің ескерткішін жойды. Өйткені ол тұлғалардың мемлекетке пайдасы тимеген. Тек елді шикізат көзі ретінде пайдаланып, басып жаншып, байлығын – сөлін сорып отырған. Рухани отарсыздану бағытындағы мұндай жұмыстар Балтық жағалауындағы елдерде де болды. Олар күні бүгінге дейін кеңес әскерлерінің ескерткіштерін жойып жатыр. Ол туралы пікір әртүрлі екені рас. Біздің арамызда да оны түсінбейтіндер бар. Бірақ отарлаушылардың ескерткіштерін жою арқылы Балтық елдері өткенді еске салып, еңсесін басып тұратын жылдарды, соның сақталып келе жатқан әсерін жоюға тырысты. Африкада, Балтық жағалауы елдерінде ел тәуелсіздік алғанда бұрын отар кезде отарлаушыға болысып, солардың саясатын жүргізген, сол кезде билікке араласып, лауазымды қызметтер атқарған барлық шенеуніктерді қызметінен босатты. Рас, олардың ешқандай құқын шектеген жоқ. Агроном болса – ауыл шаруашылығында, медицина маманы болса денсаулық сақтау саласында өз мамандығы бойынша жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Бірақ билік құрамында қызмет етуге шақырған жоқ. Бұрынғы партия қызметкерлері жаңа қоғамда қызмет етсе де, бұрынғы инерциядан арыла алмайтынын түсінді. Осылайша, аталған елдерде тәуелсіздік пен санадағы төңкеріс қатар жүрді.

**– Кадр алмаспағанымен, біздің елімізде де көшелердің, қалалардың аты ауыстырылғаны белгілі. Бірақ тәуелсіздік алған алғашқы жылдары бұл шаруа кешенді жүргізілгенімен, кейін ұзақ жылдар бойы үзіліп қалды. Биылғы жылы ғана қайта қолға алынып жатқаны байқалады. Осы туралы не айтасыз?**

– Бізде көшелердің аты өзгертілді. Бірақ отарлаушылар салып кеткен саясаттың ізі бәрібір қалды. Орыс отарлаушыларының атын алып тастағанымен, баяғы кеңес кезіндегі облыстың бірінші хатшылары, ауданның бірінші хатшылары, ылғи, кеңестік дәуірде отаршылдарға қызмет еткендердің есімдері көшелерге берілді. Шынымен, сананы отарсыздандыру, санада төңкеріс жасау қажет болса, олардың орнына Алаш қайраткерлерінің ескерткіштерін қойып, көшелерге Алаш арыстарының атын беру керек еді. Олай болмады, өкінішке қарай. Қазір, мысалы, Ақтөбеде қаладағы ең үлкен көшелерге партия қызметкерлерінің атын қойып жатыр. Аруағы разы болсын, олардың ешқандай кінәсі жоқ. Бірақ қолындағы билігі мен байлығын пайдаланып, оны балалары жасап отыр. Мысалы, бірі «Мен мына көшеге асфальт төсеп беремін, көшеге менің әкемнің аты қойылсын» деп шарт қояды. Тағы бірі қызметін пайдаланып, өз дегенін істетеді. Оларды сынасаң, сол әулеттің дүшпаны сияқтанасың. Неге бұлай? Дұрыс бағалау

***Қазақтардың көбі мұнда ауылдан келген. Олар қалаға қазақы менталитетті, тілді, ұлттық салт-сананы алып келіп жатыр. Әйтсе де, бұл шенеуніктердің қаласы ғой. Орысша сөйлеп қалған шенеуніктер мен бұрыннан келе жатқан орыс тілді тұрғындар бір жағы ауылдық қазақтарға әсер етіп, екінші жағынан өздері де сырттан келгендердің ықпалына ұшырап, өзара тартыс, күрес жүріп жатқан сияқты.***



қайда? Алаш арыстарының қасында сенің әкең кім? Ол не істеді? Осыларды ойлауға болмай ма? Сосын байқайтыным, Әлихан Бөкейханов секілді үлкен тұлғаның атына кішкентай көше бере салады да, үлкен көшені партия хатшысының есімімен қояды. Бұл әділетсіздік емес пе? Менің ойымша, көп жағдайда «Алаш арыстарының атына көше бермепті» демесін деп қана кішкентай көшеге атын бере салатын сияқты. Меніңше, әлі бұл жағдай өзгереді. Жаңа ұрпақ келеді. Тағы да жаңару басталады. Шынайы рухани жаңару болады. Сол кезде Алаш қайраткерлерінің, елге, қазаққа еңбегі сіңген басқа адамдардың аты аталады, олар ұлықталады деп ойлаймын.

**– Нұрсұлтан Назарбаев өткен айда Астанадағы көшелердің атын сынға алған. «Бұл қалаға тек қана Астанаға еңбегі сіңген адамдардың есімін беру керек» деп еді. Сіз қалай ойлайсыз?**

– Менің ойымша, Астанадағы көше атауларын әуелі жақсылап сүзіп шығу керек. Бірақ Астана тек бір аймақтың қаласы емес. Астана – қазақтың астанасы. Сондықтан Астанаға еңбегі сіңген, қазақ азаттығына еңбегі сіңген адамдарды іріктеп алу керек. Мысалы, Алаш арыстарының қазақтың тәуелсіздігі мен азаттығына қызмет еткені, XX ғасырда-ақ үлкен мемлекеттіліктен үмітті болып, соған негіз жасап, белгі тастап кеткені – Астанаға қызмет еткені.

**– Бұрынғы бір сұхбатыңызда «социология бойынша, не қалалықтар сырттан келгендерді сіңіріп алады немесе сырттан келгендер қала өміріне ықпал етіп, өзгеріске ұшыратады» дедіңіз. Қазіргі Астанада осының қайсысы жүріп жатыр?**

– Астанада үлкен арпалыс жүріп жатыр-ау деймін.

Сондықтан Астана этнодемографиялық жағынан, сан жағынан қазақи қала болып келгенімен, сапа жағынан, ұлттық психология жағынан әлі де піседі деп ойлаймын.

**– Яғни астаналық менталитет әлі де қалыптасу үстінде дейсіз бе?**

– Иә, ол әлі қалыптасу жағдайында. Бірақ мұндай процесті бүкіл республикамыздан көруге болады. Неге десеңіз, қазақтардың көбі қазір күнкөріс көзін іздеп қалаға көшіп жатыр. Ішкі урбанизация өте жоғары. Орыстанған қала халқы мен қазақи ауыл халқы мидай араласып, жаңа менталитет қалыптастыру үстінде.Бұл өзгерісті, әсіресе, бұрын орысқұлдау болып қалған қала орталарынан байқауға болады.

**– Қазір Астанада кейбір аудандарда байлар, ал кейбір аудандарда орта және төменгі тап өкілдері тұрады. Көбіне байлар тұратын аудандардан тұрғындардың қазақ тілін бөтенситіні, еуропалануға бейім екені көрінеді де, қарапайым халық тұратын аудандарда қазақша тілдік орта жақсы қалыптасқан. Осы алшақтықты болдырмау үшін не істеуге болады?**

– Кез келген капиталистік қоғамда әлеуметтік жік пайда болады. Өте бай тап, орта тап, ортадан төмен тап, кедей, қаңғыбас. Мұндай әлеуметтік топтар әлемнің көптеген қалаларында қалыптасқан. Рас, олардың әрқайсысының өзінің әлеуметтік, рухани ортасы бар. Олардың өз талғамы, тұтынатын сервисі бар. Өте бай таптағы адамдар кейде тіпті жақын ағайын-тумасымен де көп араласпай кетеді. «Бай – байға, сай сайға құйып жатыр». Сондықтан ол айырмашылықты біз жоя алмаймыз. Мысалы, Астанада таңертең біреу баласын үлкен джиппен алып келеді. Содан соң үйірмелерге тасиды джиппен. Кешке баланың аяғын жерге тигізбей жүріп үйіне әкеп салады. Ал енді біреулердің балалары дірдектеп мектепке әрең жетеді. Мұндай мысалды барлық жерден көруге болады. Сондықтан біз қоғамның бұлай әлеуметтік жікке бөлінгенінен қорықпауымыз керек. Мәселе – сол айырмашылық тым өршіп кетіп, шиеленіс тумауын қадағалауда.

**– Мен де осыны сұрайын дегем. Әртүрлі әлеуметтік топтағы азаматтарды ортақ мақсат, ортақ мүдде біріктіруі мүмкін бе?**

– Мұндай топтардың бәрінде бірдей ортақ мұрат бола бермейді.

**– Патриоттық сезім, патриоттық сана ше? Мемлекетшілдік мұрат…**

– Қараңыз, шіріген байлардың капиталы – шетелде. Өздері де шет елдерден үй алып қойған, сонда барып дем алып тұрады. Балаларын шетелде оқытады. Бәрі болмаса да, көбінің жағдайы солай. Ал олардың патриотизмі туралы не айтуға болады? Бәрі бірдей емес, әрине, бірақ олардың көбіне бәрібір. Елді кім басқарса да, кім келіп үстемдік етсе де, олар өз меншігін, өз байлығын ғана қорғап қалуға тырысады. Сондықтан елді ойлайтын, тілді қадірлейтін, жерді қорғайтын адамдар – олар орта тап пен төменгі тап өкілдері. Жер мәселесінде бас көтерген кімдер, есіңізде ме? Орта тап өкілдері, ортадан төмен тап өкілдері. Тіл, халықтың, ұлттың болашағы туралы айтатын да сол орта тап өкілдері. Сондықтан, өкінішке қарай, патриоттық сезім де бәрінде бірдей болуы мүмкін емес.

**– Астанамыздың елорда болып түлегеніне биыл 20 жыл толып отыр. Әңгіме басында мемл екеттілік тұрғысында ел ордасын Ақмолаға көшіруден көп үміт күткенімізді айттық. Жиырма жылда сол үміт ақталды ма?**

– Жалпы айтқанда, үмітіміз ақталды. Баспасөздегі мақалаларымда да, жеке адамдармен сұхбат құрғанда да мен ылғи айтып жүрмін: ұлттың өркениеттілігінің негізгі белгісі – қала сала білу. Қала салмай, ауылда тұратын қазақ болсақ, біз жоғары деңгейдегі ұлт бола алмас едік. Ал біз олай болмадық. Жарқыратып өз астанамызды салдық. Астанада 50 мыңнан астам құрылысшы қазақ жүр. Қандай қиыншылық болса да, бұл қалада құрылыс тоқтамай жүріп келе жатыр. Елордадағы көп үйлердің, құрылыс нысандарының жобасын жасаған да өзіміздің отандастарымыз. Сондықтан Астананың салынуымен бірге ұлттың өзінің ішкі әлеуметтік құрылымында жаңа бір күш, жігер пайда болды. Екінші жағынан алғанда, Астана Арқаға көшкелі қалай болғанда да солтүстік өңірлер қазақтанды. Қазақ мектептері, қазақша балабақшалар көбейді. Көптеген азаматтарымыз елордамызда елдің дамуына қатысты өз пікірін еркін айтып, мемлекеттік, ұлттық мәселелерге қатысты өз талаптарын ашық қоятын жағдайға жетті. Әрине, бұл жиырма жылда біз дің ойлағанымыз түгелдей жүзеге аспаған шығар, бірақ мен өзім ұлттық тұрғыда, негізінен, үмітіміз ақталды деп есептеймін. Жиырма жыл деген тарих үшін көп уақыт емес. Сонда да біздің жетістіктеріміз жаман емес.



**Әңгімелескен**
**Нәзира БАЙЫРБЕК**
**Материал www.astana-akshamy.kz сайтынан алынды**



# ҰЛТТЫҚ ДӘ... ДӘРІПТЕУШ...

(Соңы.
Басы 1-бетте)

Мектеп қабырғасында жүргенде ең алғаш жұмыстарымның бірі - темірден жасалған жиналатын К-700 маркалы жүк көлігінің кішкентай макеті болды. Содан соң достарыма ағаштан, темірден неше түрлі заттар жасап беріп жүрдім. Өсе келе оқуға түсіп ол жақта да осындай жұмыстарға әуес болдым. Өлшемей көзбен керек ұзындықты сызу мен үшін ең оңай заттардың бірі болатын. Жас кезімде аңшылық, саятшылық құруды ұнататынмын. Қолыма түскен бұйымдардардан ойыма келген затты жасай салатынмын. Осындай бала болып өстім...

Кейін қалалық әкімшіліктен ұлттық аспабымыз «домбыраның мүсінін жасау» керек деген ұсыныс түскенде бірден келістім. Мұндай ұсыныс үшін келіскені былай тұрсын, шыны керек өте қуандым. Мен жасайтын домбыраның мүсіні да бірден қиялымда пайда болды. Осы кезде әкемнің жасаған домбыралары есіме түсті. Әкем Келмағанбет алғашқы домбырасын кішкентай кезінде жиде ағашынан жасаған екен. Оған Балдай деген әжем ешкінің тоқ ішегін иіріп, кептіріп шек жасап берген. Әкем әр кезде сол алғашқы жасаған домбырасын мақтанышпен айтып жүретін.

Күн мен желге төзімді, табиғи апатқа төтеп беретін берік ескерткіш жасауды ұсынған кезде бірден макетін сызып, оны факспен жолдадым. Бәрі де күтпеген жерден, екіжақты тиімді әрі ұлттық маңызы басым шешім болды. Осылайша биіктігі 6 метрді құрайтын домбыра белгіленген мерзімге дайын болды. Домбыраны жасағанда барлық параметрлерін сақтап, ішін сымнан, сыртын пластикпен қаптап шек жасадым, он екі пернелерін келтірдім. Осылайша қала күніне орайластырылып, менің



# ӘСТҮРДІ
# І ҰСТА

қолымнан шыққан қаламыздың бас домбырасы орнатылды. Мен үшін бұл өте қуантарлық жағдай болды.

«Әке көрген оқ жанар, ана көрген тоң пішер»,- демекші бойымдағы шеберлік қанмен берілген қасиет деп ойлаймын. Атам Дәрібай зергер болған. Оның қайда жерленгені белгісіз. Себебі, темір ұстасын Ресейдің зауытына жұмысқа алып кетіп, соғыс жылдары ізтүзсіз жоғалған.

Оның үстіне нағашыларым ұста болған екен. Баланың жақсы адам болып өсуі үшін, оның бойынан ерекше қасиеттерді көру үшін өзіңді дұрыстауың керек. Балаға мынаны былай жаса, ананы олай істе деп он рет айтудың орнына бір рет өзің жасап көрсетсең сол ең үлкен сабақ болады. Мені әкем көп нәрсеге үйретті, мен де үнемі балаларымды шеберлікке баулуға тырысып отырамын. Мүмкін болашақта менің балаларымның арасынан менен асқан шебері шығып қалар. Бәрі уақыттың еншісінше» - деп, сөзін түйіндеді.

Пластик пен теріден аттың ертұрманын жасау, ыдыс аяқ жасау Қуатбек Келмағанбетұлының күнделікті жұмыстарының бірі. Шебердің қиялында жүзеге асыруға дайын сан қилы идеялары да жоқ емес. Ұлттық дәстүрді дәріптейтін ойларының бар екенін айтып, алдағы уақытта қаланың көрнекі жеріне бесіктің мүсінін жасағысы келетін де жеткізді.

Ақтөбе қаласының руханиятындағы айтулы шараның мән-маңызына қайта оралып, мақаламызды осымен түйіндейік.

Ақтөбе қаласындағы Әлия Молдағұлова мен Әбілқайыр хан даңғылдарының қиылысында 2016 жылы қаланың туған күн мерекесі қарсаңында орнатылған домбыра түріндегі ескерткіш шын мәнінде ерекше. Бұл – шаһардағы музыкалық аспапқа қойылған тұңғыш туынды. Оны қарапайым ұста жасап шығарған. Содан бері ұлттық аспапқа қойылған ескерткіш қала тұрғындары мен қонақтарының жиналып, суретке түсетін жайлы орынға айналды.

Қорыта айтқанда, мұндай рухани шараның өскелең ұрпаққа берер тағылымы қашанда мол. Оның маңызына терең бойлау — осындай игі шаралардан басталары анық. Ендігі мақсат — тарихи жәдігерлерді барынша насихаттап, ұлттық құндылық деңгейіндегі мәртебесін биіктету.

**Ажаргүл КУНАРОВА**



Салмағы 300 кг болатын толықтай темірден жасалған 12 пернелі домбыраның биіктігі - 6,3 метр, ені - 1,4 метр, шанағы – 2,5 метр, ал мойны 4 метрден.

В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ В УНИВЕРСИТЕТЕ ЖУБАНОВА ПРОШЕЛ ЦИКЛ ЛЕКЦИЙ ДОКТОРА ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА СРЕДНЕ-ВОСТОЧНОГО ТЕХНИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА Г.АНКАРЫ (ТУРЦИЯ) МАРАТА АХМЕТА. ЛЕКЦИОННЫЕ ЗАНЯТИЯ НА ТЕМУ «ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫЕ УРАВНЕНИЯ С ИМПУЛЬСНЫМ ВОЗДЕЙСТВИЕМ» БЫЛИ ПРЕДНАЗНАЧЕНЫ ДЛЯ МАГИСТРАНТОВ И ДОКТОРАНТОВ.



# ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ

На данный момент ведется активное сотрудничество с турецким университетом, а также проявляется поддержка и содействие в дальнейшей реализации программы академической мобильности для магистрантов, докторантов и преподавателей нашего ВУЗа.

**С турецким ученым беседовала Салтанат Кустанова.**

**— Вы являетесь уроженцем ныне Мугалжарского района Актюбинской области. Получили математическое образование тоже в г.Актобе. Расскажите, что сподвигло вас уехать и продолжить свою деятельность в Турции?**

— Вот уже на протяжении 20 лет я являюсь профессором математического факультета Средне-Восточного Технического Университета (СВТУ) в г.Анкара, столицы Турецкой Республики. Мой переезд в этот университет прошел в два этапа.

В 1995 году, меня, ректора университета Дуние, пригласили в Турцию на три месяца для того, чтобы познакомиться с моими научными исследованиями. Я согласился из чистого любопытства.

Оказалось, что в СВТУ прекрасные условия для научной работы.

Во-первых, меня поразила коллекция книг и журналов, а также организация работы библиотеки. Я высоко оценил все это богатство, так как привык получать знания непосредственно из книг. К слову сказать, в советское время, если ты не жил и не работал в Москве или в другом научном центре, не участвовал в тамошних семинарах, то был изолирован от наиболее актуальных исследований. А в Турции я понял, что наличие такой библиотеки решает эту проблему.

Во-вторых, я был согрет вниманием своих коллег. В течение трех месяцев я делал 3-4 доклада в неделю на семинарах, куда приходили как преподаватели, так и студенты.

Второй этап моего переезда начался в 1998 году, когда меня пригласили работать профессором в СВТУ. Приняв приглашение, я надеялся, что вернусь в Актобе через пару лет. Но более близкое знакомство с университетом открыло для меня новые перспективы. Прежде всего, в силу тесной взаимосвязи учебной и научной деятельности.

На тот период времени я сформулировал задачи, которые хотел решить в наиболее актуальных областях прикладной математики: синхронизации, хаосе и бифуркациях. Сейчас я могу сказать, что эти задачи решены. По результатам этой работы напечатано около 100 статей в престижных научных журналах и 5 книг на английском языке.

**— Как известно, в 2015 году Президент Турции Реджеп Тайип Эрдоган вручил вам высшую научную награду этой страны. Расскажите, пожалуйста, об этой награде.**

— Безусловно, эта премия — очень важное для меня событие. Ее вручают на основе тщательной международ-



ной экспертизы ученым, внесшим наибольший вклад в развитие турецкой науки в области естественных и инженерных наук. Так получилось, что я единственный иностранец, удостоенный этой награды. Лауреатов приглашают на ежегодные приемы в честь Дня Республики во Дворце Президента наряду с выдающимися представителями бизнеса, искусства и политики. Все это подчеркивает значение науки для Турции.

— Пожалуй, в коротком интервью невозможно дать характеристику всех моих учеников. Их чуть меньше двадцати. Поэтому позвольте остановиться лишь на нескольких из них. Прежде всего, хочу отметить Мадину Тлеубергенову – заведующую кафедрой математики университета Жубанова и Розу Сеилову - доцента кафедры университета Баишева. В алматинских вузах работают мои ученики Азиза Мирзакулова и Нилупар Атахан. В университете Назарбаева работает Ардак Кашкинбаев, единственный преподаватель математики этого университета, у которого научным руководителем является гражданин Казахстана. И это доказательство того, что моя деятельность за рубежом приносит научные плоды нашему государству. Кроме того, я хочу отметить Мехмета Онур Фена, моего ученика, который, несмотря на свой возраст, уже возглавляет факультет математики в ТЕД университете в г.Анкара. Другой мой студент, Омур Угур - директор института прикладной математики. Среди моих учеников есть доценты и профессора, работающие в Турции, Саудовской Аравии и США.

Все мои ученики исключительно талантливые и трудолюбивые личности, отличающиеся интеллигентностью и уважением к творческому труду. Хочу отметить, что все они получили научные степени в период моей работы в СВТУ.

**— Когда началось ваше сотрудничество с математиками университета Жубанова?**

— Благодаря программе Академическая мобильность у нас с коллегами кафедры математики появилась возможность осуществлять более интенсивные научные исследования. Совместно с Мадиной Тлеубергеновой и Акылбеком Жаманшиным, мы значительно продвинулись в изучении непредсказуемых решений дифференциальных уравнений, теме, которая имеет непосредственное отношение к изучению нерегулярных процессов в медицине, физике, механике, биологии и инженерных науках. Кроме того, мы заложили основы для дальнейшего исследования нейронных сетей, которые отражают динамику работы мозга. Для чтения лекций, проведения семинаров, профессиональных дискуссий с коллегами из физико-математического факультета, я стараюсь использовать не только время своих официальных визитов по приглашению, но и время неформальных поездок, т.к. нас связывают нити многолетнего сотрудничества. Поэтому есть основы для плодотворной работы и достижения интересных и важных научных результатов.

**— Поделитесь, пожалуйста, вашими научными планами на будущее.**

— Пожалуй, это один из тех вопросов, который я ждал. И этот вопрос очень важен для любого исследователя. Есть такое выражение «если хочешь рассмешить бога – расскажи ему о своих планах». К счастью, для ученого планирование, уже является научной деятельностью, которую нельзя воспринимать как шутку. Поэтому, хочу проинформировать читателей о том, что я готовлюсь заняться углублением связей между математическим хаосом и фракталами, имеющими громадное теоретическое и практическое значение. Кроме того, я продолжу исследование разрывных динамических систем, нейронных сетей и деятельности мозга.

**Спасибо за содержательную и интересную беседу. Желаю вам дальнейших успехов.**

# ВО БЛАГО ОТЕЧЕСТВА

**— На протяжении более 40 лет вы работаете со студентами и делитесь с ними своим опытом в научной деятельности. Скажите, пожалуйста, есть ли среди ваших аспирантов и PhD студентов те, кто смог добиться высоких достижений в математике?**



***Профессор преподавал в университетах Ваттерлоо в Канаде, Ла-Рошель во Франции, Университете нефти и газа короля Фахда в Саудовской Аравии и Университете Яна Амоса Коменского в Братиславе, Словакия. Профессор Марат Ахмет имеет индекс Хирша, равный 18.***

***Марат Убайдуллович опубликовал более 150 научных статей и 5 книг в международных издательствах. Входит в редакционные коллегии 4 научных международных журналов по математике:***

***1) Communications in Nonlinear Science and Numerical Simulations;***

***2) Discrete and Impulsive Systems;***

***3) Discontinuity, Nonlinearity and Complexity;***

***4) Applied Mathematics and Nonlinear Sciences.***

**Ұстаз бен шәкірт ● Учитель и ученик ● A teacher and a pupil**

*«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне зиян келтіреді».*

*Әл-Фараби*

# ШӘКІРТТЕРІН ШЫН СҮЙГЕН ІЗГІ ЖҮРЕК



Тағдыр қазақтың маңдайына елім деп егілген, жұртым деп толғанған талай ұл-қыздарды берген ғой… Солардың бірі – бар ғұмырын ұрпақ тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз, ардақты әке Самат Казиев еді. Ол Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің кәсіби-шығармашылық факультетінің «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасында 35 жыл бойы еңбек етті. 2018 жылдың 10 ақпанында ардақты ұстаз өмірден озған болатын.

Иә, бүкіл саналы ғұмырын болашақ ұрпаққа тәрбие беру жолына сарп еткен Самат Жұмағалиұлын еске алғанда көз алдымызға тек оның жақсылықты жар салып жүретін ақпейіл мінезі мен ағалық қамқорлығы келеді. Өзгенің жанын жадыратататын, бойынан ізгілік пен адамгершілік қасиеттері табылатын, өскелең жас ұрпаққа үлгі өнеге болатын ұстаз тірі болса алпыс жасқа келер еді… Еңбегімен елінің есінде қалған, көпке үлгі болып, қаншама шәкіртті қанаттандырып, үлкен өмірге жолдама берді.

Артында жақсы із қалдырған ұлағатты ұстаз облыс халқының және университет ұжымының, әріптес-жолдастарының мәңгі есінде. Қазірде оны «Ұлағатты ұстаз еді», «Ортаға сыйлы әріптес еді», «Аяулы әке, адал жар еді», «Нар тұлғалы нағыз ер азамат еді» деп еске алады шәкірттері, отбасы, әріптестері.

Шәкірттерінің тек қана дене тәрбиесін қадағалап қана коймай, ерекше ұстанымының арқасында олардың мінез-құлқын, өмірге көзқарасын қалыптастырып, тұлға ретінде өмірден өз жолдарын адаспай табуға бағдар берген ол саналы ғұмырында кикбокстен және бокстан жоғары санаттағы жаттықтырушы, «Үздік оқытушы» атақтарына ие болып, оннан астам ҚР спорт шеберлерін дайындады. 35 ғылыми мақалалар, «Спорттық құрылыс нысандары» пәніне арналған лабораториялық практикумның, практикант журналы, «Мектепте «Дене мәдениеті» пәнінен оқу жұмысын жоспарлау ерекшеліктері» әдістемелік нұсқаулығының авторы. Ол тәрбиелеген спортшылардың ішінде Азия ойындарының күміс жүлдегері Ержан Омаров, Азия Чемпионы Гүлдана Саматова және тағы басқалары бар.



## ШӘКІРТТЕР ЛЕБІЗІ

**Саламат Капин, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Ақтөбе облысының кикбоксингтен аға жаттықтырушысы, университеттің 1994 жылғы түлегі**



Өмірінің тең жартысын табан аудармай жас ұрпаққа білім беріп, тәрбие үйретуге арнаған ұстазым Казиев Самат ағай біздің жүрегімізден ерекше бір құрметпен орын алады.

«Ұстаз» атты ұлы есім қашанда кісілік келбеті жоғары сан мыңдаған шәкірттерге үлгі-өнеге, білім мен тәрбие беретін, ізгілік нәрін төгетін ерен еңбектің иелері. Қай қоғамда да ұстаз құрметті орындардың төрінен табылады. Осындай құрметті мамандықтың иесі болып, ұлағатты ұстазға тән үлгі көрсеткен, талай шәкірттердің жүрегінен орын алған ардақты ұстазымыз тәлімді тәрбие беріп қана коймай, оқушыларының өмірдің қыр-сырларына мойымай, өмірден өз орнын табуына да өз үлесін қосты. Институт қабырғасын бітірген соң да шәкірттерінің басым көпшілігі ағайдан жырақтамай, үнемі қасынан табылуға тырысты. Мұның өзі- оның дара қасиеттерінің бірі деп ойлаймын. Күні бүгінге дейін ағайдың айналасына жиналғандардың қай-қайсысы да жанұясымен бірге араласып, біте қайнасып кеткен десем де артық емес.

Самат ағай - ақжарқын, жайдары, ашық, әділдікті, шыншылдықты жаны сүйетін және жолдастарының, оқушыларының арасында сыйлы да құрметке ие тұлға болды.

**Асылбек Төлегенов, спортшы, бокстан, кикбоксингтен спорт шеберлігіне үміткер, университеттің 1998 жылғы түлегі**



1994 жылы қазіргі Жұбанов университеті ол кездегі Ақтөбе педагогикалық институтының «Дене тәрбиесі» мамандығына оқуға түскенімде Самат ағай кураторымыз болды. 1998 жылы аталған мамандықты Самат Казиев ағайымыздың басшылығымен бітіріп шықтық. Топта 8 бала оқыдық. Ағай үшін біздер өз балаларындай болдық десем артық айтпаған болар едім. Қай кезде болмасын қол ұшын беріп, ақылын айтып қамқорлығын аяған жоқ. Сабақ берудегі тактикасы да өзгеше еді. Ағай әзілдеп тұрып астарлы сөйлейтін. Шыншыл, айтқан сөзі мен істеген ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Тұлға болып қалыптасуымызға ол кісінің ықпалы көп болды.

**Ерлан Әбдікәдіров, Шалқар қаласының В.Цеханович атындағы мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы, ҚР грек-рим күресінен спорт шебері, университеттің 2015 жылғы түлегі**



Біз 2011 жылы арман қуып Ақтөбеге келген кезде сарыауыз балапанмен теңбе-тең едік. Сол кезде біздерді Самат ағай қанатының астына алған болатын. Ата-аналарымыздан жырақта жүргенде әкемiздей қамқор бола білді. Ешқашан қатты ұрысып, не дауыс көтеріп, балағаттап көрген емес еді. 4 жыл бойы 24 балаға бас көз болу оңай емес, сол жылдардың ішінде талай жағдайлар болды. Қуандық та, құладық та, қиналдық та, бірақ әрдайым ағайымызға арқа сүйейтін едік. Талай еркелігімізді кешіріп, жамандығымызды жасырып, жақсылығымызды асырып отыратын. 2015 жылы қолымызға дипломымызды адғанда біз оның соңғы түлектерінің бірі екенбіз.

Осындай ұлағатты ұстаздың шәкірті болғаныма, ақжарқын жайдары жанмен жақын таныс болғаныма, керемет педагогтан тәлім-тәрбие алғаныма сансыз шүкірлік етемін. Ұстаз бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады...

**Ажаргүл КУНАРОВА**

**Спорт – деннің саулығы, қазақты танытудың кілті. Олимпиада чемпионы – елдің мақтанышы, бетке ұстары, жастардың идеалы. Мәнерлеп сырғанау – Қазақ еліне кенжелеп жеткен спорт түрі.**

**Бүгінде әлемді мойындатқан, тәуелсіз Қазақстан тарихындағы мәнерлеп сырғанаудан тұңғыш Олимпиада чемпионы, Сочи олимпиадасының қола жүлдегері Денис Тенмен мақтанушы едік... Әттең...**

**19 шілде күні еліміз қазақстандық спортты әлемдік биікке көтеруге өлшеусіз үлес қосып жүрген азаматынан айырылды. Ұлт көгінде жүрген, жүрегі «қазақ» деп соққан тағы бір спортшы небәрі 25 жасында бақилыққа аттанды. Көк туымызды бір емес, талай мәрте желбіреткен даңқты ұл қамшының сабындай ғұмырында талай биік белестерді бағындырған еді. Артында жақындары, туыстары, достары, тілеулестері мен Қазақстанның спорт тарихындағы өшпес ізі қалды.**

**Дүниежүзілік спорт саласында биік шыңдарды бағындырған спортшының қайғылы қазасы күллі қазақ елінің көңілін күңірентті. Ал, әлеуметтік желілерде спортшының қазасына қайғырып, көңіл айтып және ақындар азалы жырын арнаған өлеңдердің санында есеп жоқ. Әлеуметтік желі қолданушылары өз кезектерінде әлі күнге дейін спортшының қазасын қабылдай алмай жүргендерін жеткізеді. Осы орайда олардың қатарында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ұжымы мен студенттерінің Денис туралы бірқатар жазбаларын топтастыруды жөн көрдік.**



# ЖАРҚЫЛДАП ӨТКЕН ЖАСЫН ҒҰМЫР

**Төлеген Ботағариев, «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасының меңгерушісі**

Әрбір қазақстандық үшін Денис Тен «өз елінің азаматы қалай қалыптасу керек» екендігінің таза үлгісі еді. Небәрі 25 жасында биік-биік асуларды бағындырып, Қазақстанда әлі ешкім қол жеткізбеген нәтижелерді көрсете алды. Сочидағы олимпиада ойындарының, Әлем чемпионаттарының, Азия ойындарының жүлдегері болған Денис спортпен емес, музыкамен, спорттың басқа түрлерімен айналысты. Құстың қанатындай аз ғұмырында бүкіл Қазақстан мақтан тұтан ұлдарымыздың бірі болды. Аққан жұлдыз Денис - көк аспанда мәңгі жарқырайды.

**Гүлнара Караша, «Баспасөз қызметі» бөлімінің жетекшісі**

Мұз айдыны мұң жамылды... Алтын бала Денистен айырған тастай ауыр күн. Өмірдің осы әділетсіздігін түсіну өте қиын. Өзімді Денистанумен жұбатып жүрмін. Оны таныған сайын риза боламын, тіпті көп нәрсеге үйренемін де...

...Сенің сананды берсе ғой, сүйкімді балапан. Қош, қазақтың ақ Денисі!

**Ерболат Дүзмағамбетов, «Аккредиттеу және рейтинг» бөлімінің бастығы**

Өмірден ерте кетудің әрбір оқиғасы - күйініш, ал ол еліміздің мақтанышы болған тұлға болса - ол екі есе күйініш. Жалпы, Денис Тенді және өмірден жастай кеткен Бекзат Саттархановты бұрын Шоқан Уәлихановты теңегенді «Аққан жұлдызға» теңеуге болады.

> ***«Не жазарымды да білмеймін... Менің атымды ағам қойды. Анам әртүрлі секцияларға апарды. Әкем отбасын асыраумен болды. Мен тек махаббат пен қамқорлықты сезініп өстім. Мен кіммін? Не бітірдім? Білмеймін. Бірақ не істесемде мен өзімді бақытты сезінемін. Мен өмірді сүйемін. Ата-анамды жақсы көрем. Адамдарды жақсы көрем. Сүйгенді жақсы көремін. Сонымен бөліскім келеді. Яғни, өзім емес, сомдаған кейіпкерім арқылы бөліссем деймін. Жиырма бес жаста әлемге басқаша қарайды екенсің».***
>
> ***(Денис Теннің инстаграм парақшасынан алынды)***

**Ботакөз Нұралина, «ҚХА және әлеуметтік саяси пәндер» кафедрасының аға оқытушысы**

Денис Теннің Қазақстан спортында орны да, жөні де бөлек. Жас болғанына қарамастан, халықаралық турнирлердің алғашқы жалғыз жүлдегері болды. Ұлы Дала қазақ елінің көк туын желбіретіп жүрген спортшы әлемдік мәнерлеп сырғанаудың жұлдызы болатын. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

**Айнұр Оспанова, Мәдени-шығармашылық секторының әдіскері**

Өте өкінішті, сене алар емеспін... Бұл - үлкен қайғы. Күтпеген қайғылы-қаза! Жас, талантты, мәнерлеп сырғанауда өзін көрсете білген жан еді. Қазақстанды әлемге танытып көк туды көтеріп жүрген Денис Тен не бары 25 жасында өмірден озды. Мұз айдынында қалықтап, Қазақстанның намысын абыроймен қорғаған, көгілдір мұз ханзадасына бақұл бол дейміз. Бұл тек бір отбасының ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін ортақ қайғы.

**Алихан Жақсылық, «Қазақ филологиясы» мамандығының 3-курс студенті**

Өтпес кездің қол кесіп
Өркенді өскен жона ма?
Шақырайған тамызда,
Шатырлап кетер от лаулап
Шырпы тисе қоғаға,
Отызында жол тайып
Оразың кетті Оғланың,
Оларсыз ортаң тола ма?
Бектерге кеткен бас имей,
Бекзаттың да әкетті
Бекзат ғұмырын жол ала,
Пырағың болған Денистің.
Пасықтар қиды өмірің,
Пышақ ұстаған қол ала
Ерінді қырып шетінен
Елінді жатса жылатып
Есіл, Ертіске аққу қаз
Енді қайтып қона ма?
Қанатын қиса ұяда
Қырандай алғыр ұлдарын
Қиығынан қыркылса
Құз-қияны шола ма?
Көктемге жетпей қурауда
Көкекте шыққан долана
Қырдан қарап диқаншы
Қырмандағы егісін
Қыркүйек жетпей ора ма?
Жабыны қостық бәйгеге,
Жүйрікті қамап қораға
Жауыздар тында сезімді,
Жауһарларымды тонама
Қазақ деген арыстар,
Қарасы барлар түрмеде
Қалғандары молада.

**Бекжан Асанов, «Қазақ филологиясы» мамандығының 3-курс студенті**

Көтеріп тұрып аспанға
балағынан тартқылап,
Ай заман-ай не нәрсе?
Көксегенің нақтырақ.
Тәні қалды өзінде
Жан қанатын қаққылап,
Қанжылатқан заман-ай
Бұршақтатып қаттырақ,
Шықпыртарма пендеңді
Найзағаймен атқылап.
Ай бостандық, бостандық,
Баукеспелік, қастандық
Нәлет айтып бүгінге,
Не жырлайын дастан қып?
Тай шағынан бәйгеге
Тілек тілеп, қосқан жұрт,
Топта жүйрік сүрініп,
Көңіл отын басқан күрт.
Өмір сүріп үлгермей,
Жұлдыз болып үлгерді
Тіршілігі гүлденбей,
Кеуілі де бірленді.
Ақ матамен жөнелтіп,
Қара жерге мүрдеңді
Жаны көкке асығып,
Бұлтты барып бүркенді.
Батпаны ауыр жүк артып,
Ерлеп еді сабазың
Айырма жоқ түк артық,
Қарапайым сабазың
Күн де, түн де еске алсын,
Құтпан, таңғы намазың
Солай емдеп көрелік,
«Өмірмен тапқам жарасым
Әттең!», — деп кеткен қыршынның,
Қанжылаған жарасын!

**25 жыл ғұмырында өмірден озған спортшының болашағы алда еді. Қанша биікке көтерілсе де, өзінің кішіпейіл мінезінен, сүйкімді қалпынан танбай, халқының қошеметіне бөленген Денис Теннің жарқын бейнесі ел жадынан мәңгі өшпейтіні анық.**

**Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ**

Айдың айшықты жаңалықтары Главные новости месяца Top news of the month



## УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ БІРҚАТАР БАҚ ӨКІЛДЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Жұбанов университетінің ректоры таңғы ас форматында бірқатар жергілікті БАҚ өкілдерімен кездесті. Кездесу Қазақстан журналистерінің кәсіби мерекесіне орай өтті. Кездесуде ректор журналистерге 2017-2018 оқу жылының қорытындылары жайлы әңгімелеп, университет өмірінің жаңа тынысымен таныстырды.

Ректормен мерекелік таңғы асқа шақырылған әр журналист университет абыройын көтеруде үлес қосып жүргендері үшін атаулы құттықтау ашық хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Олардың арасында жергілікті БАҚ басшылары, телеарналардың жаңалықтар қызметі директорлары, авторлық бағдарламалар редакторлары, республикалық басылымдар мен телеарналардың меншікті тілшілері болды.

Шара барысында ректор университет ұжымы атынан «Актюбинский вестник» газеті редакциясын 100 жылдық мерейтойымен құттықтап, «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының түлегі Алтынбек Қожастың «Алтын күз» картинасын табыстады.

Есепті мезгіл ішінде Жұбанов университеті туралы халықаралық, республикалық, жергілікті басылымдар мен телерадио арналарда 555 жарияланым өткен екен.

## РЕКТОР УНИВЕРСИТЕТА ПОЗДРАВИЛ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ СМИ

Ректор университета Жубанова встретился с представителями местных СМИ. Встреча проходила в формате завтрака и была приурочена к профессиональному празднику журналистов Казахстана. В ходе встречи ректор рассказал журналистам об итогах 2017-2018 учебного года, о новом дыхании университета в целом.

Приглашенные на праздничный завтрак с ректором журналисты, вносящие вклад в повышение имиджа университета, были награждены именными открытками и ценными подарками. Среди них были руководители местных СМИ, директоры службы новостей телеканалов, редакторы авторских программ, собственные корреспонденты республиканских изданий и телеканалов.

Во время встречи ректор от имени всего коллектива университета поздравил редакцию газеты «Актюбинский вестник» со 100-летним юбилеем и вручил в качестве подарка картину выпускника специальности «Изобразительное искусство и черчение» Алтынбека Кожаса.

В отчетный период в международных, республиканских, местных изданиях и телерадиоканалах об университете Жубанова были опубликованы 555 публикаций.

## THE RECTOR BAUYRZHAN YERDEMBEKOV CONGRATULATED THE MEDIA REPRESENTATIVES

The rector of Zhubanov University met with representatives of local media. The meeting was held in the breakfast format and was timed to the professional holiday of journalists of Kazakhstan. During the meeting, the rector told reporters about the results of the 2017-2018 academic years, about the new breath of the university as a whole.

Guests who were invited for a festive breakfast with the rector, journalists who contribute to the enhancement of the university's image were awarded with personalized cards and valuable gifts. Among them were heads of local media, directors of the news service of TV channels, editors of author programs, and correspondents of republican publications and TV channels.

During the meeting, the rector on behalf of the whole staff of the University congratulated the editorial office of the newspaper "Aktobe Vestnik" on its 100th anniversary and presented the gift "Golden Autumn" picture by Altynbek Kojas, a graduate of the specialty "Fine Arts and Drawing".

During the reporting period, 555 publications were published in international, republican, local publications and TV and radio channels about Zhubanov University.

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЕТЕЛДЕГІ ОҚУЛАРЫ АЯҚТАЛДЫ

2017-2018 оқу жылында сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Ресей, Литва және Польшада білім алған студенттер семестрлік оқуларын аяқтап, елге оралды.

Атап айтсақ, «Металлургия» және «Тау-кен ісі» мамандығының студенттері Г.И.Носов атындағы Магнитогорск мемлекеттік техникалық университетінде, «Химия», «Биология», «Педагогика және психология», «Психология» және «Информатика» мамандығының студенттері Башқұрт мемлекеттік университетінде, «Физика», «Шетел филологиясы», «Биология», «Есептеуіш техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» және «Химиялық технология» мамандығының студенттері Витаутас Магнус университетінде, «Дене шынықтыру және спорт», «Шетел филологиясы», «Педагогика» және «Туризм» мамандығының студенттері Быдгощ Экономика университетінде білімдерін жетілдірді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен қатар, Быдгощ Экономика университетінде (Польша) қосдиплом бағдарламасы бойынша білім алған «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттері де бір жылдық оқу жүйесін тәмамдады. Енді олар жаңа оқу жылын өз университетімізде бастап, келесі жылы Польшадағы оқуларын жалғастырады. Нәтижесінде екі жоғарғы оқу орындарының дипломдарына ие болады.

## СТУДЕНТЫ ЗАКОНЧИЛИ ЗАРУБЕЖНОЕ ОБУЧЕНИЕ

Студенты, проходившие семестровое обучение по программе внешней академической мобильности 2017-2018 учебного года в России, Литве и Польше, вернулись на родину.

Студенты специальности «Металлургия» и «Горное дело» обучались на базе Магнитогорского государственного технического университета имени Г.И.Носова, а студенты специальности «Химия», «Биология», «Педагогика и психология», «Психология» и «Информатика» на базе Башкирского государственного университета. Студенты специальности «Физика», «Иностранная филология», «Биология», «Вычислительная техника и программное обеспечение» и «Химическая технология» побывали в Университете Витаутас Магнуса, а студенты специальности «Физическая культура и спорт», «Иностранная филология», «Педагогика» и «Туризм» в Университете экономики города Быдгощ.

Из-за рубежа вернулись и студенты Экономического университета города Быдгощ. Они окончили годовое обучение. Следующий учебный год они продолжат в университете Жубанова, а потом еще на год поедут в Польщу. По итогам обучения они получат дипломы двух учебных заведений.

## STUDENTS FINISHED FOREIGN STUDY

Students studied in russia, lithuania and poland on the program of the foreign academic mobility in 2017-2018 academic year returned to the motherland

The students of "Metallurgy" and "Mining" specialties were studied in Magnitogorsk State Technical University named after G.I. Nosov, and students of "Chemistry", "Biology", "Pedagogy and Psychology", "Psychology" and "Informatics" specialties were studied at Bashkir State University. Students of "Physics", "Foreign Philology", "Biology", "Computer Science and Software" and "Chemical Technology" specialties visited the University of Vytautas Magnus, and students specializing in "Physical Culture and Sport", "Foreign Philology", "Pedagogy" and "Tourism" were at the University of Economics of Bydgoszcz.

Also the students of Bydgoszcz Economic University returned from abroad. They graduated one-year training course. The next academic year they will continue at the University of Zhubanov, and then for another year they will go to Poland. As a result of their studies, they will receive a diploma from two educational institutions.

**Айшықты жағалықтар беттерін дайындаған**
**Сандуғаш ДҮЙСЕНБАЕВА**

● Кәсіби бағдар ● Профориентация ● Professional orientation

*Это был февраль 2004 года. Я была студенткой 1-курса Актюбинского государственного университета имени К.Жубанова. Вследствии перенесенной вирусной инфекции у меня констатировали «осложненный бронхит». Именно в это время я пришла в студенческую поликлинику университета, где получала длительное лечение.*



# Студенческий врач

Я помню, как каждый день моталась между поликлиниками: где-то снимала рентген снимок, где-то сдавала сложнейший анализ, а где-то искала специалиста, который мог прочитать обширный снимок. Даже ежегодный медицинский осмотр мы проходили в разные годы в разных поликлиниках, так как в студенческой поликлинике не было своего рентген -аппарата, отсутствовали узкие специалисты и еще было много мелких проблем. С того времени в поликлинике поменялось абсолютно все. Новая аппаратура, новая мебель, новая поликлиника. Но неизменной была она, наш дорогой и любимый врач Жумагуль Жумагазина. Переступив порог ее кабинета, я невольно вернулась в студенческие годы. Она, также улыбаясь, сказала «Ну, здравствуй, золотой»……

Каждая больница связана с трудом одного врача, который создает основной коллектив профессиональных врачей, помогающих страждущим избавиться от болезней, а здоровым - контролировать его. Поликлиника университета Жубанова не исключение. Основной состав коллектива работает здесь почти со дня основания поликлиники.

«Я люблю молодежь, мне очень нравится с ней работать», - говорит главный студенческий врач университета Жубанова Жумагуль Жумагазина. -Когда я училась в школе, я была председателем пионерской дружины и первичной комсомольской организации. Я несла ответственность за жизнь, за судьбу других людей. Получается, чувство ответственности за окружающих заложено у меня с ранних лет. По окончанию школы я поступила в Московский медицинский институт №1 имени И.М.Сеченова. Но родители не захотели отпускать меня так далеко от родного дома, который находился в городе Текели Алматинской области. Так я осталась учиться в Карагандинском медицинском институте. Мне повезло получить знания у таких великих врачей прошлого столетия как В.И.Якубовская, Я.А.Лазарис, И.А.Серебровская».

В 1980 году Жумагуль вышла замуж за парня из Актюбинской области и перевелась в Актюбинский медицинский институт. Закончила его в 1982 году с отличием и начала свою трудовую деятельность на станции скорой медицинской помощи города Актобе. Сначала была рядовым терапевтом, потом стала старшим врачом смены. Вызовы были разные, поэтому работа на скорой помощи закалила её как врача. За время работы на станции скорой медицинской помощи Жумагуль Такеновна пережила многое: тяжелые условия труда, даже бывали случаи ограбления.

В 1993 году областное управление здравоохранения направило опытного врача на работу в медицинский колледж города Актобе. Так Жумагуль Жумагазина пришла в систему образования: была преподавателем клинических дисциплин, потом - деканом факультета, а в1996 году стала заместителем директора колледжа по практическому обучению. В тот момент к ней пришло осознание, что работа со студентами ей нравится. Многие из нынешних старших главных медсестер, работающих в больницах и поликлиниках нашего города, её бывшие студенты.

«Когда поступило предложение возглавить студенческую поликлинику университета Жубанова, я сразу согласилась, хотя и не знала, что меня ожидает. Поликлиника тогда только открывалась, и много чего в ней не было. Ведь наш вуз был в то время единственным университетом, у которого была своя поликлиника. В сентябре 2017 года мы вошли в список потенциальных поставщиков государственных медицинских услуг. На сегодняшний день мы прикрепили 6500 студентов. Все наши студенты получают у нас необходимую медицинскую помощь, ежегодно проводим медицинское обследование, были случаи, когда надо было оказать первую медицинскую помощь», - рассказывает Жумагуль Такеновна.

По природе рассудительная и тактичная Жумагуль Жумагазина на протяжении 16 лет является не только бессменным руководителем поликлиники, но и квалифицированным врачом, мудрым наставником и добрым другом для всех сотрудников университета. Она тепло встречает и провожает каждого студента. А самое главное, больные уходят от нее здоровыми.- «Видеть результаты своего труда - это счастье для любого профессионала. А для врача каждый день видеть своего здорового пациента, который просыпается, чтобы жить и радоваться - это вдвойне приятнее. Всю свою жизнь я посвятила любимому делу. Никогда, даже тогда, когда было тяжело, не пожалела о своем выборе» - говорит отличник здравоохранения РК, наш студенческий врач Жумагуль Жумагазина.

**Ажаргуль КУНАРОВА**

# ТАЛАПКЕР КҮНТІЗБЕСІ-2018

| № | Шаралар | Арыз қабылдау уақыты | Жүргізу уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Педагогикалық мамандықтар үшін арнайы емтихандар | 20 маусым - 14 тамыз | 20 маусым - 14 тамыз |
| 2 | Республикалық бюджет есебінен білім грантын беру бойынша конкурс | 18-26 шілде | 27 шілде - 5 тамыз |
| 3 | Жергілікті атқарушы орган есебінен білім грантын беру бойынша конкурс | 5-10 тамыз | 11-15 тамыз |
| 4 | Қайта ҰБТ/КТ | 25 шілде - 3 тамыз | 15-19 тамыз |
| 5 | Магистратура, резидентура және докторантураға қабылдау бойынша шет тілінен емтихандар және ағылшын тілінде оқыту бойынша бейіндік магистратураға түсу үшін кешенді тестілеу | 3-31 шілде | 10-15 тамыз |
| 6 | Магистратура, резидентура және докторантураға қабылдау бойынша арнайы түсу емтихандары | | 16-20 тамыз |
| 7 | Оқуға қабылдау | | 25 тамызға дейін |
| 8 | Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Жоғары колледжіне» құжат қабылдау<br>- күндізгі бөлімге<br>- сырттай бөлімге | 20.06.2018-20.08.2018<br>20.06.2018-20.09.2018 | |

# КАЛЕНДАРЬ АБИТУРИЕНТА-2018

| № | Мероприятие | Сроки приема заявлений | Сроки проведения |
|---|---|---|---|
| | Специальные экзамены для педагогических специальностей | 20 июня-14 августа | 20 июня-14 августа |
| 2 | Конкурс по присуждению образовательных грантов за счет РБ | 18-26 июля | 27 июля-5 августа |
| 3 | Конкурс по присуждению образовательных грантов за счет МИО | 5-10 августа | 11-15 августа |
| 4 | Повторное ЕНТ/КТ (летняя) | 25 июля-3 августа | 15-19 августа |
| 5 | Вступительные экзамены по иностранным языкам при приеме в магистратуру, резидентуру и докторантуру и комплексное тестирование для обучения в профильной магистратуре с английским языком обучения | 3-31 июля | 10-15 августа |
| 6 | Вступительные экзамены по спец.экзамену при приеме в магистратуру, резидентуру и докторантуру | | 16-20 августа |
| 7 | Зачисление в магистратуру, резидентуру и докторантуру | | До 25 августа |
| 8 | Прием документов на Высший колледж АРГУ имени К.Жубанова<br>- на дневное отделение<br>- на заочное отделение | 20.06.2018-20.08.2018<br>20.06.2018-20.09.2018 | |

*Сегодня в нашей рубрике «Студенческая кухня» студент 5-курса специальности «Дизайн» Жигер Кенжегалиев расскажет о летнем, легком, прохладном и питательном супе - окрошке. Лето – отличное время, когда мы можем позволить себе определенные вольности в питании. Можно несколько ослабить вожжи диеты и недурственно разнообразить свой рацион. Итак, для приготовления окрошки нам понадобится:*



# ОКРОШКА –

## ЛЕТО НА СТОЛЕ!



*копченая куриная ножка — 300 гр., огурцы — 2-3 шт., редиска — 250 гр (по желанию), картошка отварная — 2 штуки, яйцо отварное — 3 штук, зелень укроп и петрушка — по 100 гр., соль — 1 ст. ложка, кефир — 1 литр, кипяченая охлажденная вода — 2 литра*

**ПРИГОТОВЛЕНИЕ:** Мясо нарезать кубиками. Также нарезать кубиками огурцы, отварной холодный картофель, яйца и редис. Смешать все нарезанные ингредиенты. Порезать лук и измельчить зелень, удалив грубые стебли. Залить смесь кефиром, посолить и оставить в холодном месте на 30 — 60 минут, чтобы все ингредиенты слегка закисли и посолить.

Классический рецепт подразумевает использование в качестве основы кваса, однако, в быту могут применяться и такие варианты заправок – сыворотка, кефир, пиво, минеральная вода, разбавленный уксус.

«Окрошка - это не только вкусное блюдо,но и очень полезное. Так как в его составе много овощей и зелени, которые богаты грубыми волокнами. Это в свою очередь способствует долгому сохранению чувства сытости», - говорит Жигер.

**Станицу подготовила А.КУНАРОВА**



**Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

**Ректор**
**Бауыржан Ердембеков**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Тілшілер:**
Сандуғаш Дүйсенбаева
Ажаргүл Кунарова
Салтанат Кустанова

**Аудармашы:**
Ақбота Орманбекова

**Дизайнер:**
Айгерім Нуршина

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы,
Ә. Молдағұлова даңғылы, 34,
102 бөлме
Тел: 8 (7132) 55 23 21
**E-mail:**
**zhubanovpress@mail.ru**
**Сайт: www.arsu.kz**
Facebook: Пресс-служба университета Жубанова
**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**